

Abstract. In the concept of improving accounting and its integration into the environment of international financial reporting standards, first of all, the current tasks of the methodology are put forward, among which the accounting of biological assets of agriculture is of great interest. The system of effective management of agro-industrial production is based on relevant information, which should be sufficiently complete, clear, objective and reliable. The above mentioned is directly related to the information support of the process of biotransformation management of biological assets in AIC. Accounting of productive livestock and perennial plantings of agricultural enterprises is based on the International Financial Reporting Standard 41 "Agriculture", which determines the procedure for accounting, providing financial statements, and reflecting information on the activities of agricultural enterprises and movement of biological assets. The need for methodological support of operations related to their movement, with cost estimate, in accordance with the requirements of international standard, has determined the relevance of research paper. Methods of recording incomes and expenditures of agricultural enterprises during biotransformation of biological assets are proposed.

Ключевые слова: биологические активы, затраты, продажа, балансовая стоимость, международные стандарты, финансовая отчетность, прибыль, убытки.

Keywords: biological assets, costs, sales, book value, international standards, financial statements, cost, profit, loss.

Қазақстанда бухгалтерлік есепті жетілдіру реформасы халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес үйлесімін тапты. Қазақстан экономикасының аграр-

Демек, бұл мақаланың мақсаты ауыл шаруашылығымен айналысатын ұйымдарға қатысы бар 41-«Ауыл шаруашылығы» қаржылық есептіліктің халықаралық стандартының негізгі ережелерін тәжірибеде қолданудың мүмкіндіктері мен қажеттілігін айқындап, атап айтқанда биологиялық активтерді әділ құны бойынша бағалаудың ерекшеліктерін көрсету болып саналады.

Зерттеу материалдары мен әдістері.
Қазақстан Республикасының тәуелсіздік

алғаннан бастап агроөнеркәсіптік кешенде барынша нәтижелерге қол жеткізіліп отыр. Соның ішінде: нарықтық қатынастарға бағытталған өнім өндірісі өсуде, өнімділік пен еңбек өнімділігі жоғарылап, саладағы инфорақұрылымдар жаңартылып, негізгі азық-түлік өнімдерімен өзін-өзі қамтамасыз ету деңгейі артып, астық, дәнді-дақылдар, балық шаруашылығы өнімдерінің экспорты жоғарылап келеді.

Белгіленген мақсат пен міндеттерге қол жеткізу үшін ғылым мен тәжірибеде қолданылатын монографиялық, бухгалтерлік есеп, ғылыми және тәжірибелік материалдарды жүйелеу және синтездеу әдістері және басқа да жалпыға ортақ ғылыми әдістер пайдаланылды.

Биологиялық активтердің әділ құнын бағалау үшін автор ұсынған әдіс бірыңғай ғылыми негізделген тәсілдердің болмау мәселесін шешуге, 41-«Ауыл шаруашылығы» халықаралық стандартының тәжірибеде іске асырылуына және ауыл шаруашылығы ұйымдарының бухгалтерлік-аналитикалық қызметтерінің жұмысын жетілдіруге ықпал етеді.


Зерттеудің ақпараттық және әдістемелік базалары ретінде Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің материалдары, статистикалық зерттеу әдістері мен жинақтау мәліметтері, қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарының әдістемелік тәсілдері, сонымен қатар Отандық және шетелдік ғалым-тәжірибешілердің еңбектері қолданылды.

Нәтижелер және оларды талқылау.

Елдің экономикасын заманауи деңгейде дамыту ауыл шаруашылығын тиімді дамытпай мүмкін емес. 2013-2020 ҚР ауыл шаруашылығы кешенін дамыту туралы мемлекеттік бағдарламасында осы саланы дамытудың барлық алғышарттары көрсетілген.

Бұл бағдарламаның мақсаты ауыл шаруашылығы кешенінде еңбек өнімділігін жоғарылатып, өңделген ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспортын жоғарылату болып саналады [1].

Ауыл шаруашылығында жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) 5%-ға жуығы өндіріледі. Төмендегі 1 сурет арқылы біз ҚР бойынша мал шаруашылығы және өсімдік шаруашылығынан алынған жалпы өнім көлемінің қарқынын көре аламыз.



Ескерту – диаграмма ҚР Статистика агенттігінің мәліметтері бойынша дайындалды [2]
1 сурет – Ауыл шаруашылығы өнім өндірісінің динамикасы, млн теңге

Мәселен 2015 жылы ауыл шаруашылығында өндіріліген өнімнің жалпы көлемі – 3,3 трлн теңге болса, 2016 жылы – 3,66 трлн теңге, 2017 жылы 4,08 трлн теңге, ал 2018 жылы 4,1 трлн теңге, ал 2018 жылы 4,2 трлн теңге болды [қараңыз 2]. Бұл жыл сайын агроөнеркәсіптегі өндірілетін өнім көлемінің өсіп отырғанын байқатады.

2018 жылы 9 айдың қорытындысы бойынша ауыл шаруашылығына салынған

инвестицияның көлемі 175,7 млрд теңгеге жетіп, 2017 жылмен салыстырғанда 8,2%-ға жоғарылаған. Инвестицияның жоғары көлемі Солтүстік Қазақстанға – 25,7%, Қостанай облысына – 13,9% және Ақмола облысына – 11,2% бөлініп отыр [3].

Демек, қазіргі нарықтың қатаң және бәсекелестік тұсында, сонымен қатар өнім өндірушілердің сыртқы нарықта да бәсекелестік пен қаржылық тұрақтылыққа қол

жеткізу бағытында, қолдағы ресурстарды тиімді пайдалану үшін, сонымен бірге ауыл шаруашылығының инвестициялық тартымдылығын күшейту мақсатында саланы басқаруда маңызды орны бар басқарушыларға ұтымды ақпараттарды жеткізетін қызмет бұл осы саладағы бухгалтерлік есепті дұрыс ұйымдастыру мәселесі болып отыр.

Ауыл шаруашылығы ұйымдарын басқарудың негізгі ақпараттық базасы болып дұрыс ұйымдастырылған бухгалтерлік есеп саналады. Ол ұйымның ішкі басқарушылары мен сыртқы пайдаланушылардың дұрыс экономикалық шешімдер қабылдауы үшін барлық қажетті ақпараттармен қамтамасыз етуі тиіс. Бұл ауыл шаруашылығында бухгалтерлік есепті одан әрі жетілдіру үшін қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарының жалпы қабылданған қағидалары мен талаптары бойынша белсенді қадамдар жасауды талап етеді. Сонымен бірге ҚЕХС-на сәйкес үйлесімді бейімделу үшін бухгалтерлік есеп әдістемесінің үздіксіздік қағидасына негізделу керек.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2013 жылғы 31 қаңтардағы - № 50 бұйрығымен бекітілген Қаржылық есептіліктің ұлттық стандарты биологиялық активтерді қарастырмайды. Сондықтан бухгалтерлік есепте ауыл шаруашылығы ұй-

ымдары 41-«Ауыл шаруашылығы» қаржылық есептіліктің халықаралық стандартын немесе шағын және орта бизнес үшін арналған қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарын қолдануға міндетті.

41-«Ауыл шаруашылығы» ҚЕХС ауыл шаруашылығындағы биологиялық активтерді алу, өндіру, жинау және сату кезіндегі ауыл шаруашылығы өнімдерінің және мемлекеттік субсидиялардың есебін жүргізуге арналған [4].

Ауыл шаруашылығы қызметі – бұл биологиялық активтерді сату, ауыл шаруашылығы өнімдерін алу немесе қосымша биологиялық активтерді өндіру мақсатында биотүрлендіруді басқару [5].

Биотүрлендіру – биологиялық активтің сапалық немесе сандық өзгерістерін тудыратын өсу, жаңару, өндіру және көбею үрдісі болып саналады.

Биотүрлендіру мыналардың өзгерісіне әкеледі:

- активтердің саны мен сапасының көбеюі немесе азаюына;
- ауыл шаруашылығы өнімдерін алуға (астық өнімдеріг дәнді дақылдары, ет, сүт, жүн және т.б.).

Биотүрлендіру биологиялық активтің сапалық немесе сандық өзгеруіне әкелетін өсу, дегенерация, өндіріс және ұлғаймалы көбею үрдістерінен тұрады (2 сурет).



2 сурет – Биотүрлендірудің мәні мен нәтижесі

Биологиялық активтерді тану туралы 41-«Ауыл шаруашылығы» ҚЕХС-ның ережелері әдетте ҚЕХС-да анықталған активтерді танудың жалпы ережелеріне сәйкес келеді [қараңыз 4].

ҚЕХС-да «тану» терминінің жалпы анықтамасы бар, оған сәйкес есеп беру элемен-

тінің анықтамасына жауап беретін және мынадай тану критерийлерін қанағаттандыратын объектіні ұйымның қаржылық есептілігіне қосу үрдісі қарастырылған [6]:

- қаржылық есептіліктің элементімен байланысты кез келген экономикалық пайда

компаниямен алынатын немесе одан шығатын болса;

■ объект сенімді түрде өлшенетін мәнге немесе құнға ие болуы тиіс.

Биологиялық активтерге қатысты ұйым биологиялық активті мына жағдайларда ғана тануы тиіс [қараңыз 4]:

- компания өткен оқиғалардың нәтижесінде активті бақылай алатын болса;

— компанияның активпен байланысты болашақ экономикалық пайда алатын мүмкіндігі болса;

— активтің әділ құны немесе өзіндік құны шынайы сенімділік деңгейімен өлшенетін болса.

Биологиялық активті бақылау мысалына сілтеме жасаған 41 ҚЕХС (IAS) меншік құқығы туралы сөз қозғайды. Агроөнеркәсіптік кешеніндегі биологиялық активтерге деген бақылауды дәлелдеу, атап айтқанда, ірі қара малды сатып алу кезінде меншік құқығының ауысуы, төлдеу кезінде немесе айыру кезіндегі таңбалдау заңды етуі мүмкін.

Сонымен бірге, компания биологиялық активті жалдау шартының негізінде, мысалы, ұзақ мерзімге орманды жалға алу арқылы бақылай алады.

Активті пайдаланудың ықтимал экономикалық артықшылықтары туралы стандартта болашақ экономикалық пайдалар, едетте, негізгі физикалық параметрлердің мәніне негізделе отырып анықталады деп көрсетілген [7]. Демек, биологиялық активті бақылауды басқару әрдайым оны пайдаланудан экономикалық пайда алу мүмкіндігін тудырмайды. Мұнда экономикалық пайда алу факторлардың күрделі жиынтығымен, соның ішінде нарықтық факторлармен қатар, биология, зоотехника және т.б. факторларға да байланысты болады.

Есепте биологиялық активтерді бағалау. 41-«Ауыл шаруашылығы» ҚЕХС сәйкес ауыл шаруашылығы ұйымдары келесі талаптар орындалған жағдайда биологиялық активтерді тануы қажет:

♦ компания биологиялық активтерді өткен оқиғалардың негізінде бақылай алатын болса;

♦ биологиялық активтермен байланысты компанияға болашақта экономиялық тиімділік келетін болса;

♦ биологиялық активтердің әділ құны немесе өзіндік құны жеткілікті деңгейде сенімді бағаланатын болса.

Ауыл шаруашылығында биологиялық активтерді бақылау бұл ірі қара малын сатып алу кезінде алынған құқықты немесе мал төлдеген кезде не болмаса төлді анасынан айырған кезде қойылатын таңба белгілерін жатқызуға болады.

Сонымен бірге ұйым биологиялық активтерді, мысалы орман жерлерін ұзақ мерзімді жалға алу арқылы бақылау құқығына ие бола алады.

Биологиялық активтермен байланысты болашақтағы алынатын экономикалық тиімділік, тек олардың тек физикалық параметрлеріне негізделе отырып, танылуы тиіс. Себебі, ауыл шаруашылығында биологиялық активтермен алынатын экономикалық пайда әртүрлі факторларға байланысты болады.

Қаржылық есептілікте биологиялық активтерді бағалау үшін ең қолайлы әдіс оларды әділ құндары бойынша бағалау. 41-ҚЕХС-на сәйкес әділ құн – бұл активті сатып алу үшін жеткілікті қаражаттың сомасы не болмаса осындай мәмілені шынымен орындауға дайын, бір-бірінен тәуелсіз тараптар арасында мәміле жасауға байланысты міндеттемені орындау [қараңыз 4].

Бұл болжам 41-ҚЕХС-ын тек нарықтық бағалар мен тиісті көрсеткіштер туралы ақпарат жоқ биологиялық активті бас-тапқы тану сәтінде ғана қабылдамауға болады. Мұндай жағдайда биологиялық активтер жинақталған амортизация сомасы мен құнсызданудан болған залалдарды шегере отырып, өзіндік құн бойынша бағалануы тиіс. Компания үшін биологиялық активтердің әділ құндарын анықтау мүмкін болған сәтте бірден болжамды жеткізу шығындарын шегере отырып, әділ құны бойынша бағалауға көшу қажет.

Қаржылық есептіліктің халықаралық стандартына сәйкес жеткізу шығындарына брокерлер мен дилерлерге комиссияндық сыйақылар, төлемде мен алымдар, салықтар мен баждар жатады.

Биологиялық активтердің ерекшелігі сол, мұнда оларды есепке алу кезінде олардың әділ құндары биологиялық активтерді сатып алуға жұмсаған шығындар сомасынан аз болуы мүмкін. Осы мәселеге байланысты отандық ұйымдар биологиялық активтерді өзіндік құндары бойынша бағалауды жөн санайды.

Сонымен, биологиялық активтердің әділ құны оларды нарыққа жеткізуге байланысты шығындар мен болжамды жеткізу шығындар сомасын шегере отырып, анықталады.

1-мысал: 2017 жылы ұйым ауыл шаруашылығы көрмесінен 200 бас қой сатып алды. Барлық шығындар қосылған құн салығымен 3 600 000 теңге. Соның ішінде: 100 000 теңге – ауыл шаруашылығы көрмесіне қатысу үшін алым; 145 000 теңге брокерлік ұйымдар үшін комиссияндық төлемдер; 80 000 теңге транспорттық шығындар.



Осы жағдайда ұйымның бухгалтерлік есебінде биологиялық активтің әділ құнын ба-

ғалауға байланысты 1 кестеде көрсетілгендей бухгалтерлік операциялар орындалады.

1 кесте – Биологиялық активтердің әділ құнын анықтау

Шаруашылық операциялары	Дебет	Кредит	Сомасы, теңге
Алынған биологиялық активтің әділ құны	2520	3310	2 924 108
Алынған активтер бойынша ҚҚС сомасы	1420	3310	350 892
Көрмеге қатысу бойынша шығындар	7210	3310	89 286
Алынған қызметтер бойынша ҚҚС сомасы	1420	3310	10 714
Брокерлік ұйымдар үшін комиссияндық төлемдер	7470	3310	129 465
Алынған қызметтер бойынша ҚҚС сомасы	1420	3310	15 535
Транспорттық шығындар	7470	3310	71 429
Алынған қызметтер бойынша ҚҚС сомасы	1420	3310	8 571

Биологиялық активтердің немесе ауыл шаруашылығы өнімдерінің әділ құндарын осы биологиялық активтерді немесе ауыл шаруашылығы өнімдерін негізгі сипаттамаларына қарай топтастыру арқылы анықтауға болады.

Егер биологиялық активтер мен ауыл шаруашылығы өнімдеріне қатысты мәмілелер белсенді нарық арқылы жүзеге асырылатын болса, онда олардың әділ құндарын осы нарықтағы бағалар деңгейінде анықтаған дұрыс болады.

Егер биологиялық активтерге немесе ауыл шаруашылығы өнімдеріне қатысты белсенді нарық болмаған жағдайда әділ құнды анықтау үшін төмендегі көрсеткіштердің біреуін негізге алу қажет:

- соңғы мәміле жасалынған нарықтың бағасын негізге алу арқылы (жасалынған мәміле мен есеп беру уақытының арасында айтарлықтай өзгерістер болмаған болса);

- осындай активтердің нарықтық бағасы бойынша;

- салалық көрсеткіштер арқылы (мысалы: ірі қара мал бойынша 1 кг еттің бағасы арқылы).

Егер биологиялық активтердің әділ құндарын анықтау кезінде биологиялық активтерге қатысты нарықтық бағалар не болмаса басқа да құнды көрсеткіштер болмаған жағдайда ұйым активтерге байланысты таза ақша ағымына әкелетін келтірілген құнды қолдана алады. Бұл үшін салықты төлегенге дейінгі ақша ағымының дисконттау құны анықталады [8].

Мұндай есептеу әдісін бір орында тұратын биологиялық активтерді, мысалы орман алқаптарын, көпжылғы көшеттердің әділ құндарын бағалауда қолдануға болады.

Биологиялық активтерді бағалау кезінде пайда мен зиян есебі.

Биологиялық активтерді әділ құнымен есепте мойындағаннан кейін ұйым қаржылық есептілікте әділ құн мен жеткізу шығындары қосылған өзіндік құн арасындағы

айырманы зиян ретінде көрсетуі тиіс. Сонымен қатар, осындай тәртіпте пайданы да көрсетуі қажет. Сонымен, биологиялық активтерді әділ құндарымен бастапқы тану кезінде пайда болатын қаржылық нәтиже туралы толғырақ атап өткен жөн.

41-«Ауыл шаруашылығы» ҚЕХС-на сәйкес биологиялық активтерді әділ құндарымен бастапқы тану кезінде пайда болған пайда немесе зиян олар қалыптасқан сәтінде есепке алынуы тиіс. Басқа сөзбен айтқанда биологиялық активтерді бағалаудан алынған нәтиже пайда және зиян туралы есептілікте активтерді мойындаған мерзімде көрсетіледі.

2-мысал: Мал шаруашылығы ұйымы болашақта өсіру мақсатында 1 000 000 теңгеге төл сатып алады. Бұл төлді мойындау сәтінде сатып алуға байланысты болжамды сатып алу шығындары 100 000 теңге. Төлдің әділ құны белсенді нарықта 950 000 теңге. Бұл жағдайда сатып алынып отырған төл – 850 000 теңгемен (950 000 – 100 000) есепке енгізілуі керек.

Бұдан биологиялық активті есепке енгізу кезіндегі шеккен зиян сомасы – 150 000 теңге (1 000 000 – 850 000).

Ал ұйымның бухгалтерлік есебінде осы төлді сатып алуға байланысты мынадай бухгалтерлік жазулар берілуге тиісті:

Дт 2520 «Жануарлар» Кт 3310 «Жеткізушілер мен мердігерлерге кредиторлық берешектер» – 850 000;

Дт 7470 «Өзге де шығыстар» Кт 3310 – 150 000;

Дт 5610 «Қорытынды пайда/зиян» Кт 7470 «Өзге де шығыстар» – 150 000.

3-мысал: Мал шаруашылығы ұйымы ағымдағы жылы малдың төлін алуға тиісті. Туылған төлдің құны – 2000 000 теңге. Төлді алуға жұмсалынған шығындар, яғни өндірістік есеп бойынша төл беретін малды ұстап тұру шығындары есепті жылы – 600 000 теңге, ал малды төлдетуге байланысты шығындар – 300 000 теңге болды.



Осыдан, төл мынадай бағамен есепке алынуы тиіс: 1 700 000 теңге (2 000 000 – 300 000). Сонымен қатар, биологиялық активті мойындау кезінде төл беретін малды ұстап тұру шығындарын шегергендегі таза пайда сомасы – 1 100 000 теңге.

Ал ұйымның бухгалтерлік есебінде осы төлді өндірістен алуға байланысты мынадай бухгалтерлік жазулар берілуге тиісті:

Дт 2520 «Жануарлар» Кт 8110 «Мал шаруашылығы» – 1 700 000 теңге.

Кт 5610 «Қорытынды пайда/зиян» Кт 8110 «Мал шаруашылығы» – 300 000 теңге.

Сонымен қатар ағымдағы кезеңнің қаржылық нәтижесінде танылғаннан кейін биологиялық активтердің әділ құнындағы өзгерістерден алынған пайда мен шығындар көрсетілуі қажет. Кейбір жағдайларда биологиялық активтердің өзіндік құны әділ құнға тең немесе жуықтауы мүмкін. Атап айтқанда, бұл бастапқы шығындар жұмсаған сәттен бастап маңызды биотрансформация болмағанда пайда болуы мүмкін (мысалы, жеміс-жидек ағаштарының көшеттері есепті күнге дейін отырғызылғанда).

Сонымен қатар биологиялық активтерге жатқызылған көптеген объектілерді есепке алуда оларға амортизация есептелінбейді. Оларды бағалау кезіндегі құнның өсуі немесе азаюы биологиялық активтердің әділ құны өзгерген жағдайда ғана есепке алынады.

Тұжырымдар.

1. Ғылыми мақалада ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында биологиялық активтердің жіктеу сипаттамалары келтірілді.

2. Ұйымдардағы биологиялық активтердің әділ құнын есептеудің объективті шарттары анықталып, әділ құнды есептеудің әртүрлі әдеттегі әдістерінің сәйкессіздігі көрсетілді.

3. Ауыл шаруашылығындағы тауар өндірушілер, яғни кәсіпорындар үшін биологиялық активтердің есебін шоғырландырылған қаржы есептілігі бойынша ұсынатын ұйымдарды қоспағанда, әділ құны бойынша бағалаудың әдістемесі ұсынылды.

4. Ғылыми мақалада қамтылған практикалық ұсыныстарды агроөнеркәсіптік ұйымдардағы бухгалтерлік және аналитикалық жұмыстардың сапасын және мүдделі пайдаланушыларға ұсынылатын ақпараттың дұрыстығын жақсартуда пайдалануға болады, бұл ауыл шаруашылығы кәсіпорындары ұсынатын қаржылық есептілік ақпараттарының ашықтығын қамтамасыз ете отырып, олардың инвестициялық тартымдылығын арттырады.

Әдебиеттер тізімі

1 Қазақстан Республикасының АӨК дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы [Электрондық ресурс].- 2017.- URL: [http:// www.mgov.kz](http://www.mgov.kz) (қаралған күні: 10.12.2018).

2 Қазақстан Республикасындағы ауыл шаруашылығы өнімдерінің (көрсетілетін қызметтерінің) жалпы шығарылымы [Электрондық ресурс].- 2018.- URL: [http:// www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) (қаралған күні: 12.12.2018).

3 Агроөнеркәсіптері инвестиция [Электрондық ресурс].-2018.-URL: <http://www.ener-gyprom.kz> (қаралған күні: 12.12.2018).

4 МСФО (IAS) 41 «Сельское хозяйство» [Электронный ресурс].- 2010.- URL: [http:// www.base.garant.ru](http://www.base.garant.ru) (дата обращения: 16.12.2018).

5 Пятков М.Л. Признание биологических активов // Бухгалтерский учет в сельском хозяйстве. – 2010. – № 8. – С. 10-17.

6 Берёза А.О. Учет биологических активов по МСФО // Бухгалтерский учет.- 2011. - № 9.- С. 122-125.

7 Хоружий Л.И., Костина О.И. и др. Управленческий учет в сельском хозяйстве: учебное пособие.- М.: НИЦ ИНФРА-М, 2013.- 207 с.

8 Алайдарқызы Қ. Ауыл шаруашылығындағы бухгалтерлік есеп: оқу құралы. - Алматы: Экономика, 2016. - 240 б.

Әдебиеттер тізімі

1 Қазақстан Республикасының АӨК дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы [Электрондық ресурс].-2017.- URL: <http://www.mgov.kz> (қаралған күні: 10.12.2018).

2 Қазақстан Республикасындағы ауыл шаруашылығы өнімдерінің (көрсетілетін қызметтерінің) жалпы шығарылымы [Электрондық ресурс].-2018.- URL: [http:// www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) (қаралған күні: 12.12.2018).

3 Агроөнеркәсіптегі инвестиция [Электрондық ресурс].- 2018.- URL: <http://www.ener-gyprom.kz> (қаралған күні: 12.12.2018).

4 МСФО (IAS) 41 «Sel'skoe hozjajstvo» [Elektronnyj resurs]. – 2010.– URL: [http:// www.base.garant.ru](http://www.base.garant.ru) (data obrashhenija: 16.12.2018).

5 Pjatov M.L. Priznanie biologicheskikh aktivov // Buhgalterskij uchet v sel'skom hozjajstve. – 2010. – № 8. – S. 10-17.

6 Berjoza A.O. Uchet biologicheskikh aktivov po MSFO // Buhgalterskij uchet.- 2011. - № 9.- S. 122-125.

7 Horuzhij L.I., Kostina O.I. i dr. Upravlencheskij uchet v sel'skom hozjajstve: ucheb-noe posobie.- M.: NIC INFRA-M, 2013.- 207 s.

8 Alajdarkyzy Q. Auylisharuashylyfyndary buhgalterlik esep: oqu quraly. - Almaty: Jekonomika, 2016. - 240 b.